

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 252-45/4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 272-51/3 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 желтоқсанда № 7011 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 252-45/4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6904 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 6-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының
кезектен тыс XXXXXI сессиясының
төрағасы

М. АБДУҚАЛЫҚОВ

Қызылорда қалалық мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы

М. КӘРІМБАЕВ